

Жазғы маусымда балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 4 маусымдағы N 164 1997 жылғы жазғы маусымда балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтыруды және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі:
 - жасөспірімдерді, балаларды сауықтыру, демалысы мен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырсын;
 - балаларды сауықтыру мен жазғы демалысын ұйымдастыруға мектептен тыс мекемелерге айрықша орын бөлсін. Мектептен тыс мекемелердің каникул уақытындағы қызмет аясын айтартықтай кеңейтсін: салалық лагерлер, осы мекемелер негізінде күндізгі сауықтыру лагерлерін ұйымдастырсын; үйірмелік, секциялық, студиялық сабактар, туристік саяхат, экскурсиялар, жарыстар өткіздін;
 - жасөспірімдерді еңбекке белсенді тарту, лагерлерді ұстауға жұмсалатын шығысты ішінара өтеу мақсатында еңбек зандарында белгіленген тәртіппен жоғары класс оқушыларының еңбегін пайдалана отырып, еңбек және демалыс лагерлерінің қызметін тәжірибелеу енгізсін;
 - жазғы сауықтыру лагерлеріне педагогтарды, жоғарғы курстардың оқушылары мен студенттерді жіберсін, оларға емтихан сессиясын мерзімінен бұрын тапсыруға жағдайлар жасасын; оларды сауықтыру лагерлеріндегі жұмысқа ұйымдастырушылық және әдістемелік даярлау жөнінде семинарлар мен нұсқамалық жиындар өткізуі қамтамасыз етсін, балаларды сауықтыру мен демалысын ұйымдастырудың дәстүрлі емес нысандарын дамытсын және пайдалансын.

2. Облыстардың әкімдері, балансында балаларды сауықтыру лагерлерін (базалар, кешендер) ұстайтын ұйымдардың басшылары:

мұдделі ұйымдармен бірлесіп 1997 жылы балалар мен жасөспірімдердің демалысы мен сауықтыруды, аталған шараларды өткізуге көзделген қаражат шегінде ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

балаларды сауықтыру мекемелерінде ағымдағы алдын ала санитарлық қадағалауды, сауықтыру орындарына тасымалдаудың қауіпсіздігін, оларды орналастыру орындарындағы қоғамдық тәртіп күзетін жүзеге асырсын;

сауықтыру компанияларын ұйымдастырылған түрде қамтамасыз ету мақсатында облыстар мен аудандарда балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыру түрде өткізу жөніндегі ведомствоаралық кеңестер немесе жедел штабтар құрсын;

облыстардың әкімдері мен кәсіподак кеңестеріне осы мәселе бойынша бірлескен

құжаттар қабылдауды тапсырын;

балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастырушылардың облыстық семинарларын, кенестерін өткізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК